Е. ЖАНПЕЙІСОВ

ТӨРТ ТҮЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕ: СИЫР

(*үшінші мақала*)*

Этнолог-ғалым Халел Арғынбаев төрт түліктің пайда болуы, шығуы туралы ойын былай таратады. Халық арасына кең тараған аңыз бойынша жер бетін топан су қаптап, бүкіл адамзат, жанжануар апатқа ұшырағанда Нұх пайғамбар әрбір жөндік иесінен бір-бірден тұқым сақтау мақсатымен оларды кемесіне отырғызып басын су шалмаған Қазығұрт тауына келіп тұрақтапты-мыс. Міне сол Қазығұрт тауына өкелінген «қатпа тайдан», «жетім ботадан», «жалғыз танадан», «жұрын тоқтыдан» төрт түлік өсіп өніпті-міс. Мұнымен бірге әр түліктің өзіне тән ерекшеліктеріне қарай оларды қиялмен табиғаттың әртүрлі құбылыстарынан жаралды деп гиперболалық түрге [де] айналдырған. Мәселен *жылқы* – желден (жел аяқ жүйрік болғандықтан, таза ауаны сүйгендіктен), *түйе* – сордан (сорлы жерді тәуір көретіндіктен), *сиыр* – судан (сасық судан да жерімейтіндіктен), *қой* – оттан жаралды дегендей және әр түліктің өзіне тән пірі (қамқоршысы) саналған «Қамбар ата», «Шопан ата», «Ойсыл қара», «Зеңгі баба» – бәрі де бір кезде болған атақты бақташылар. Олардың кейбіреуінің қабірі Сырдария мен Жетісу өлкесінде осы күнге дейін сақталған [1].

Төрт түліктен бағы заман адамдарының ертеңді-кеш аңсайтыны, тілейтіні не еді, қандай қасиетті, асыл туысты тұқым көксейтін еді. «Бұрынғы бақташы қазақ көшпелі тірлігінде түйеде *жампоз*, жылқыда *тұлпар*, сиырда *тынжы*, қойда *құтпан*, *келепан* дейтін ерен-ерек жан иелерін арман еткен» [2]. Өткен ғасырдың елуінші жылдарында М.Әуезов атап көрсеткен осы таза тектер берірек келе кейбір өзге еңбектерде де айтыла бастады, рас ішінара дыбыстық өзгеріспен, мысалы: *жылқы (тұлпар), қой (құтпан), түйе (жампоз), сиыр (тыңжы)* [3]. Бұл жерде қалыпты *тынжы* формасындағы **н** сонары ызың **ң** болып, *тыңжы* түрінде қолданылған. Ал жазушының он екі томдық шығармалар жинағында бұл қарастырылып отырған идиоэтникалық бірлік тіпті (кітапты баспаға дайындау кезінде ме, жоқ әлде басқа бір жағдайда ма) әйтеуір орынсыз екі сөз («тың жыл») болып кеткен [3, 96]. *Жылқыдан-тұлпар, түйеден-желмая, сиырдан-құнжын* (деген) сияқты иттің ішінде де ерекше сирек, аса бағалысын сырттан дейді [4]. Тілімізде әдетте сиыр түлігінің тек асылына қатысты айтылатын бұл *тынжы, тыңжы, тың жыл* және *құнжын* тұлғаларының кейбір өзара дыбыс алалығы біздің ойымызша олардың диалектілік сипатымен байланысты. Атап айтқанда **н//ң** (*тынжы ~ тыңжы*), **т//қ** (*тынжы ~ құнжын*), **л//н** (*тың жыл ~ құнжын*) сәйкестіктерімен [5]. Айтылғандардан көріп отырғанымыздай: баяғы заманғы бақташы қазақ төрт түліктің *жампоз, тұлпар, құтпан* (*келепан*) сияқты асыл, таза тектері қатарында сиырға қатысты міне *тынжы* тұқымын да атапты. *Тынжы* нені білдіреді? Бұл ретте мына бір тіл деректері көңіл аударады: **TANČÏÏ** см. **tïïnčï; TÏÏNČÏÏ** – протухать, портиться: **et tïïnčïïdïï** мясо протухло (МК III: 276). **TÏÏNČÏÏŠ-** совм. от **tïïnčïï-etlar qamu tïïnčïïšdïï** все мясо протухло (МК II: 217) [ДТС: 531, 567]; **тынчы** (о мясе) слегка тронуться, стать с душком (ЮСЛ: 792); **Душок** разг. иістене бастау; мясо с душком – иістене бастаған ет [ОҚС: 2005: 232]. Осы жерде сұрақ туады: «сасу, иістену» мағынасындағы **TÏÏNČÏÏ ~ ТЫНЧЫ** формасының сиырға қандай қатысы бар, аталмыш етістікті бұл түлікпен қалай байланыстыруға болады? Сауалымызға жауапты қырғыз тіліндегі мына бір фразеологизмнен табуға болатын сияқты: *сасык деп уй мурдун кесип таштабайт* погов. Из-за того, что нос у коровы вонюч, его не отрезают (ЮСЛ: 792). Бұл келтірілген деректерден жоғарыдағы **TÏÏNČÏÏ ~ ТЫНЧЫ** лексемасының түрік тілдерінде жалпы «сасу», «иістену» сияқты мағынада, бұдан да нақтырақ айтсақ біздің жағдайымызда мысалы сиырдың мұрнының сасықтығына, мұрынға қарата айтылатынын көреміз. Мұрынға қатыстылығы жағынан қарастырылып отырған бұл форма бізге сондай-ақ мына бір зат есіммен де салыстырымды көрінеді: *кынжы* деревянный намордник (ЮСЛ: 491). Көріп отырғанымыздай, соңғы (қырғыз тіліндегі) *кынжы* есімі де тікелей мұрынмен байланысты. Бұл сөз рас кейде қазақ тілінде де қол-

* Бұған дейінгі мақаланы қараңыз: ҚР ҰҒА ХАБАРЛАРЫ. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. № 3. 2006. №1.

данылады, бірақ мүлде басқа мағынада: **-жы/-жі** (есім жасамды жұрнақ – Е.Ж.): *қынжы* асықтың қырынан тұруы (Шет) [6]. Мұны кейбір аймақ тұрғындары ілгеріде аталған *«тың жыл»* сияқты *қынжыл* түрінде де қолданады: қынжыл асықтың бір жағынан қисаюы [7]. Сол сияқты сөз болып отырған идиоэтникалық *тынжы* формасымен таза сырт тұрпаты жағынан қазақ тіліндегі Шынжы антропонимі да сәйкеседі. Ғалымдар тіпті олардың басқы **т-** және **ш-** дыбыстарының арасындағы сәйкестікті де жоққа шығармайды, мысалы: **т//ш** *шану//тану, шөңкерілу // төңкерілу* [8]. Бірақ *тынжы* мен *шынжы* формалары арасында ондай семантикалық сәйкестік, яғни соңғыда тікелей сиыр түлігіне деген жанастық біз күткендей көрінеу емес. *Қарағай ішіндегі ішкі жақтағы Белағаш болысынан ширақ, шебер Айтқазы, Семейтау болысынан Шынжы сияқты бүтіл бір ояз ел сабағы қосылған* (М. Әуезов. Ақын аға). Сонымен жоғарыда жасалған шағын этнолингвистикалық талдаудан көне түркілік **TÏNČÏÏ**, қырғыздардағы *тынчы* лексемалары еттің иістенуін білдірсе, қазақ тілінде әдетте сиырға айтылатын *тынжы* сөзінің (етке емес) бұл түліктің тек мұрнына, мұрнының сасықтығына қатысты қолданылады деп шамалауға болады. Оның үстіне тіліміздегі *сиыр судан жериді, су сиырдан жериді* дейтін фразеологизм де сірә осындай негізде қалыптасқан болу керек. *Тынжы* сөзінің шын мәніндегі көне мағынасы қазір мүлде ұмытылған деуге болады. Бұған дейінгі мақалаларымызда қарастырылған идиоэтникалық *жампоз, желмая, тұлпар* бірліктері сияқты *тынжы* формасы да солай ту баста сиыр түлігінің тегі таза, тұқымы асылына қаратылып айтылған. Мына бір дерек мысалы соған дәлел. *Дәп содан жарты ғасырдай бұрын Бабайқорғанда өзге балалардан анау айтарлықтай айырмасы жоқ бала Қасымхан да жүрді. Кейіннен Шымкентті біраз шарлады. Тағдыры қалай қақпақылдаса да көптің көшінен қалмады ол. Ішіндегі* **тынжыдай** *тыным бермеген бір алау оны беймәлім жаққа сүйрелей берген. Ол – өлеңнің оты еді* (**Бақытжан Алдияр**. Қасқыр, қаска құлын, Қасым һәм Қасымхан // «Қазақ әдебиеті», 18.08.2006). Есесіне бұл форма бертін келе көбінесе оның еті мен сүтінің артықша азықтық қасиетімен, шаруаға қажет қара күшімен байланыстырыла бастағанға ұқсайды. *Шелек-шелек сүті бар, өгіз қара күші бар, Зеңгі баба тұқымы, бұзауқаным қайдасың?* (Нығмет Мыңжанұлы); *тынжы* – сүті мол, асыл тұқымды сиыр [ҚТС: 66]. Қазақ тілінде тек Әуезов шығармалары арқылы сақталған *тынжы* формасының кейбір идиоэтникалық аспектілері міне осындай. Ал морфологиялық құрылымына келетін болсақ: біздің ойымызша, ол – туынды сөз. Туынды деп ілгеріде аталған **TÏÏNČÏÏ ~ ТЫНЧЫ ~ ТЫҢЖЫ, КЫНЖЫ ~ ҚЫНЖЫ < ҚЫН + ЖЫ, ШЫНЖЫ** және тіліміздегі *ағайын-анжы, алым-анжы* қосарларының *анжы* сыңарына және асықпен байланысты айтылатын *алшы* тұлғасына, сондай-ақ *енші* есіміне қарап айтып отырмыз. Дыбыстық құрамы, сырт тұрпаты жағынан көп жағдайда өзара үндес, үйлес келіп жататын, бірақ мағыналары өте әр тарап бұл топты әлі де әрі қарай кенейте түсуге болады. Мысалы мына төмендегі сияқты түрлі түрік, кейбір тіпті алтай тілдерінің деректерімен де: **Ма. туңзи** (< кит.) ист., Үж. **t'ung-čii** (< кит.) помощник областного начальника (ССТМЯ: 216); *чанжы* кит. (ср. *тепке* II) тяпка с короткой рукояткой для прополки опийного мака (ЮСЛ: 844); *анжы*: *эки анжы* надвое; *беш анжы* разделившийся на пять, идущий в пять разных сторон (сонда: 57); анжы 1. жауырға өткізілетін қыл. Волосок протыкаемый сквозь нагнет на спине лошади. Тар. ВКО; *анжы* 2. андыз (аир, лекарственное растение) Қ.Р. сл.., 1951, 22 [9]; *анжы* дәріге малынған гүл. *Жараның әр жерінен тесіп, анжы байлапты* (Қазыбеков) [ҚТС: 38]; **ANČU** преподношение, воздаяние, вознаграждение (ДТС: 44). **АНДЫЗ /ANDIZ** тур.. (в словосочетании *andiz otu*), ... **андуз/anduz, enduruz** тур. диал; *аңдуз* **kāsğ.I**; **анжы/anži** каз... наиболее старой среди них является **anduz** приведенное в словаре М. Кашгарского; корнем перечисленных форм является ***аң (*аңг)~*ан~*ен.** Э.В.Севортян *инжи ~ инчу ~ енчи ~ енчу ~ енчил* ~ формаларын да осындай құрылымда, яғни **ин ~ ен** түбірі мен **-жи ~ чу~ чи ~ чил** аффиксіне бөліп қарастырады (ЭСТЯ: 1974, 50, 362). Қазақ тілінде «подарок, даваемый отцом своим детям (обычно в виде скота)» мағынасын білдіретін *енші* туылымы да солай **ен** этимонына **–ші** жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Туыс, туыс емес, жүйесі әр басқа түрлі тіл деректерін осыншама тізбелеп жатқандағы мақсатымыз көне түркілік **TÏÏNČÏÏ,** қазақ тіліндегі *ТЫНЖЫ*, қырғыздар айтатын *ТЫНЧЫ* сөздері де солай жоғарыдағы **туңзи, анжы/anži, инжи ~ инчү~ енчи~ енчү~ енші, қынжы** формалары сияқты мүшеленімді емес пе екен, яғни **-čii~ -жы ~ -чы** жұрнағы арқылы **tïïn ~ тын** түбірінен жасалмады ма екен деген тек болжам айту (болжамымыз ғылыми жақтан мүмкін әлі де тереңірек негіздей түсуді қажет етер). Қазақ

тілінде сиыр түлігімен байланысты қалыптасқан жеке сөз қолданыстар онша көп емес. Олардың неғұрлым қолданымдылары мысалы мыналар *Сен бұзау терісі шөншіксің, Мен өгіз терісі талыспын* (Бұқар жырау); *Сиыр су тастамайды* (Мақал); *Сиыр сипаганды білмейді; Сиырга кілем жапқандай; Өзім дегенде өгіз қара күшім бар; Өлеңді жерде өгіз семіреді; сиыр құйымшақтану; сиыр сәске, өгіз аяң т.б.* Осы қатарда әсіресе мына бір фразеологизм көңіл аударады. *Сиырдың бүйрегіндей бытырады. Бет-бетіне ~* жан-жаққа тарап кетті; басы қосылмады, берекесі кетті. *Сиырдың бүйрегіндей бытырауга айналган екенбіз, тек арты қайырлы болсын (*С. Мұқанов) [ҚТФС, 461]. *Сиырдың бүйрегіндей бытырау* фразеологизмінің идиоэтникалық семантикасы аңызда әдетте былай сипатталады: «Барлық жан-жануарды жаратып, оларға бүйрек үлестіргенде қашанғы сол жай басарлығымен кешігіп келген сиырға жетпей қалыпты. Ол бұл жалғанда енді бүйрексіз қайтіп күн көрем деп, азан-қазан болып өкіріп жылапты. Сиыр сорлының көз жасын көрген жануарлар қабырғалары қайысып, оның көңілін аулаудан бөтен көмек көрсете алмайды. Ең соңында сиыр оларға бүйрек алып бүйірлерің шығып тұрған жансындар ғой, тым болмаса құр қалған туыстарына берер жылуларың жоқ па дейді. Оның бұл сөзін жөн көрген жылқы, түйе, қой т. б. жануарлардың өркайсысы сиырға бір жапырақтан бүйрек жиып беріпті. Сонымен сиырдың бүйрегі басқа жануарлардың бүйректерінен бөлек бұжырбұжыр, қырық [құрау] бүйрек болған екен. Сиырдың қилы-қилы мінездері осы қырық қиқымнан құралған без бүйрегінің белгісі деп аңыз етеді» [10].

Қазақ тілінде төрт түлік төңірегінде қалыптасқан идиоэтникалық бірліктердің енді бір парасы оларда болатын түрлі ауру-індетпен байланысты болып келеді. Жылқыда мысалы *жамандат, жамандатқыр* дегендер сияқты. Кейде оны ***Ойсыл келгір*** деп те қарғап жатады. *Қойтекенің астында желқом, оның асты торы шолақ, қолында шығыршықты кендір қамшы. «Ой, жамандат Ойсыл келгір! Құлағыңды... Иттің малы!» деп тістеніп шапқа да, басқа да, мойынга да ұрады. Торы шолақ міз бақпайды* (Ж. Аймауытов). Қарғыста қолданылғанына қарағанда *Ойсыл келгір* дегендегі *ойсыл* да шамасы індетпен байланысты сөз болып шығады. Ендеше бұл тіл дерегі белгілі дәрежеде әдетте түйе түлігінің иесі, пірі, бақташысы саналатын *Ойсылқара* композитасының семантикалық құрылымымен астастықта қаралуы тиіс. Белгілі этнолог ғалым Х.Арғынбаев жылқыға тән бұл *жамандат* лексемасының қазақ тілінде сондай-ақ түйеге қаратыла айтылатынын атап көрсетеді. Әдетте бұл түйе түлігімен байланысты *ақ шелек, ақ шелек келгір, шелек келгір, шелегің түскір, қарабез* формалары жиірек қолданылады. Ал қой мен ешкіде кездесетін мұндай зілді жұқпалы індет *топалаң, шекшек (шек-шек)* деп аталады. *Қарасан келгір!* Сиырға айтылатын қарғыс. *Өк, құрып кеткір! Қарасан келгір, қышынба! Сәйгелді ме алып тұрған қысымга? Дәл басып тұр тұяғыңды аудармай, Балығыңның төбесінің тұсына* (І.Жансүгіров) (ҚТФС: 327). Әдетте сиыр малында болатын бұл *қарасан* ауруы қазақ тілінде негізінен мына түрде сипатталады: кир. قاراصان *карасанъ* губительная болезнь на коровах, в которой одна половина тела чернеет и потом гниет (род паралича) (БСл II: 8); *Қарасан* – сиыр малында болатын өте қауыпты жұқпалы ауру. *Қарасан келгір (тигір)* қарасан ауруымен ауырғыр (ҚТС: 380); *Қарасан* – көбіне сиырда, қодаста болатын жұқпалы ауру. *Қарасан* әдетте мал жайылымда жүрген кезде шығады. Ауырған малдың дене қызуы көтеріледі, санында, сауырында ісік пайда болады. Ісік түскен жердің еті қараяды (ҚСЭ 6: 467). Міне осыған, қарасанға ұшыраған малдың саны қарайып кететініне қарап, бұл дерт солай (қарасан) аталған деп жорамалдауға болар еді. Бірақ мына бір деректерден соң оған күман туа бастайды حراقف бедро, бедренная кость; حرسان бетон (АРС: 209, 273). Мұның сыртында қазақ тілінде қарастырылып отырған бұл *қарасан* тұлғасына дыбыстық құрамы жағынан өте жақын және онымен үнемі жарыса қолданылатын тағы мынадай да форма кездеседі: *қорасан* 1. шешек ауруын тұңғыш рет емдеп жазған әулие адамның аты; *2. сол адам атымен аталган ауру аты; Қорасанга қой айтты (көне)* құдайға жалынып жалбарынды (ҚТС: 408). Ілгеріде сөз болған *қарасан* да, соңғы келтірілген *қорасан* да – екеуі де тілімізде ауруға қатысты: алдыңғы – мал ауруының аты да, кейінгі – адам сырқатының аты. Л.З.Будагов та соңғыны осылай, балалар науқасы ретінде сипаттайды. حراسان корасан, так называемая болезнь оспа (БСл II: 410). «Эпостарда көп айтылатын *Қорасан* әулие де қыпшақ дәуірінде ислөм діні тарала бастаған заманның әйгілі бақсыларының бірі» [11]; *Қорасан* – РСФСР жеріндегі өзен. Тобылдың саласы. Ұз. 79 км, су жиналатын алқабы 1350 км^2. Орал тауының оңтүстік беткейінен басталып, Тобылдың

саласы Үй өзеніне құяды (ҚСЭ 6: 609). Қарастырылып отырған бұл *қарасан мен қорасан* формалары идиоэтникалық семантикасы жағынан қырғыз тілінде де осылай көп аспектілі болып келеді, мысалы: *карасан* название повальной болезни скота; *карасаната* южн. миф. покровитель коз; *коросон* оспа у овец (см. *чечек:* оспа у людей; иносказительно эту болезнь называют: *улуу тумоо* или *чоң жарыктык* или *баягы жарыктык* или *баягы); коросон* или *коросоната* миф. дух оспы (в жертву ему приносились овцы); *коросонго кой айтып* фольк. предназначив овцу в жертву духу оспы [ЮСл: 408 859]; *қорасон* 1. гангрена, 2. род повальной болезни скота и шелковичных червей [*ҮРЛ* , 623]. Бұл келтірілген түрік тілдері деректерінің өсіресе мына тұстары көңіл аударады: *қарасан* қазақ тілінде тек сиыр ауруының аты ретінде қолданылса, қырғыз тілінде жалғыз сиыр емес мал атаулы жалпы жаппай ауыратын сырқатты білдіреді және ол «ешкінің пірі (иесі, бақташысы)» мағынасында *карасаната* түрінде де қолданылады; ал *қорасан* – қазақ тілінде біріншіден адамдарда, онда да негізінен балаларда болатын *шешек* ауруының аты; екіншіден осы науқас түрін тұңғыш емдеп жазған бақсының есімі, үшіншіден өзен аты; сөйтіп ол қазақ тілінде әрі медицина термині, әрі антропоним, әрі гидроним болып табылады. Бұл форма қырғыз тілінде *коросон* түрінде айтылады: қойда болатын *чечек (шешек)* ауруының атауы ретінде; *коросон* немесе *коросоата* мұнда *чечек (оспа)* сырқатының иесі («дух») мағынасында да қолданылады. Жоғарыдағы *қорасан~ коросон* формасы өзбек тілінде *қорасон* түрінде дыбысталады. Гангрена ауруы онда осылай аталады. Ол тағы «мал атаулыға жалпы жаппай келетін індет» мағынасын да білдіреді. Бұл жағынан қырғыздардағы *коросон* лексемасымен мазмұндасады. Біздің ойымызша сөз болып отырған бұл идиоэтникалық *қарасан, қорасан, карасан, коросон, карасаната, коросоната* бірліктерімен, сондай-ақ белгілі дәрежеде мына бір формаларды да жақындастыруға болатын сияқты. Әсіресе таза сырт тұрпаты, дыбыстық құрамы жағынан: n. خراسان Восток (Бурх. خور солнце, – противоположно خروران Западу); название области Хорасана, на Восток от Фарса и Ирака (индийцы , по словам Бабура, все непринадлежащее Индии называют Хорасаном, так как арабы все чуждое им называют Аджемом) (БСл 1: 530); *Хорасан* [(Osm. Dsch.)] название области Хорасан, провинции Персии; жители Индустана называют все непринадлежащее к Индустану Хорасаном, подобно тому как арабы все что не-Аравия называют Аджемом (РСл II: 1703); خراسان [хорасан] 1) уст. восток; 2) уст. муз. название мелодии в иранской классической музыке; 3) Хорасан (провинция на северо-востоке Ирана) [ПРС: 543]; *Хорасан* (орта ғасыр парсы тілінде *Хварасан* шығыс, күншығыс) 3 ғ. мен 18 ғ. ортасында Иранның солт. шығыс., қазіргі Ауғанстанның солтүстігін және солт.-батыс бөліктерін, Мерв алқабын, қазіргі Түрікмен ССР-інің онт. алқаптарын қамтыған тарихи аймақ. *Хорасан мазары* 14-ғасырдың аяғында салынған күмбез. Ислам дінін уағыздау мақсатымен Хорасан қ-ынан Сыр бойына келген Әбдіжалбаб мүрдесіне тұрғызылған. Әбдіжалбабтың Хорасан аталуы жайлы екі түрлі дерек бар. Алғашқы деректе «бетіндегі қорасан дағына байланысты Қорасан деген лақап атқа ие болған» деп топшылайды. Қорасан жайлы қазақ эпостарында кезігеді (Мысалы *Қорасанға қой айтып,* «Алпамыс батыр» жырында) [ҚСЭ 12: 44]. Келтірілген соңғы топ деректердің алдымен мына бір тұстарына көңіл аударғымыз келеді: خراسان Восток (Бурх. خور солнце...). Л.З.Будаговтың бұл жерде «күншығыс, шығыс» мағынасындағы *хорасан* лексемасынан кейін іле парсы тілінің қолжазба сөздігінен «күн» мағынасындағы *хор* формасын келтіруіне қарағанда алдыңғы – туынды сөз, ал кейінгі – оның этимон (түбір) бөлігі сияқты көрінеді. Шынында солай екені тағы мына тіл деректерінен айқын аңғарылады: خور [хор] уст. 1. خورشد [хоршид] солнце; 2. название одиннадцотого дня каждого месяца солнечного календаря; 3. восток; 4. рел. ангел, *покровительствующий солнцу* (ПРС 579: 580). Кейінгі келтірілген *хорасан* мен *хор* формаларының өзара ортақ тұсы: екеуінің әрқайсысының жеке тұрып бірдей («восток» деген) мағына білдіретіні; ал соңғы *хор* лексемасының аталмыш төрт мағынада да – бәрінде де айналып келіп сол бір ғана күнмен байланысты болып отыратыны. Бұл айтылғандар тұрғысынан парсылар мен ирактықтар өздерінен бөлек шығыста жатқанның, индиялықтар өздеріне (Үндістанға) жаттың (бөтеннің) бәрін осылай Хорасан атаған деуі біздің ойымызша негізсіз емес (Хорасан Иранның да солай солтүстік шығысында жатыр ғой).

Осы жерде енді сұрақ туады: «шығыс, күншығыс (восток)» мағынасындғы жалпы есім және «елді мекен атауы» мағынасындағы жалқы есім яғни топоним ретінде сөз болып отырған бұл *хорасан* формасының ілгеріде әрі аурудың, әрі оны

емдеп жазған бақсының (әулиенің), әрі өзеннің атын білдіретін *қорасан* сөзімен, *Хорасан мазары* тіркесінің басқы антропоним сыңарымен тектестірілуі мүмкін бе? Сондай-ақ *қарасан* атауының *қорасан~ қорасон~ коросон* бірлігімен? Бұл тарапта жалпы не айтуға болады? Бұрын да айтқанбыз: бұл аталған формалардың бәрін таза сырт тұрпаты, дыбыстық құрамы жағынан алып қарағанда бір-бірінен шынында алшақ кетпейді. Бірақ семантикасы жағынан да олар солай бір текті деуге әзір қажетті айғақ та, айқындық та кемшін: сөздіктерде мысалы *хорасан* көбінесе парсылық, яғни *хор* этимонды, негізінен «күн» ұғымымен байланысты туынды жасалым ретінде сипатталса, *қарасан~қорасан~қорасон~коросон* дегендер, қайта бір қайырып айтайын, семантикалық құрылымы жағынан олай аталмайды. Олардың планеталар жүйесінің орталығы саналатын күнмен байланыстырылғанын осы уақытқа дейін біз кездестірген емеспіз. Сондықтан бұл тарапта айтылуға тиіс толық сөз алда деп ойлаймыз. Алайда қазақ тілінде қазір *қорасанға қой айтып; әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып; әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, шыбын жанға жан айтып* (Қобыланды, Алпамыс, тағы кейбір ауыз әдебиеті үлгілерінде); *арасанға ат айтып, қорасанға қой айтып, тәңіріне тай айтып* (Бексұлтан Қасейұлы) сияқты бірнеше вариантты фразеологизм кездеседі. Бұлардың бәрінің алғашқы бастау нұсқасы бір ғана *қорасанға қой айтып* болған деп ойлаймын. Кейін әртүрлі әлеуметтік ортада айтыла-айтыла келе бұл фразеологизм өзінің сөз құрамы, мазмұны жағынан үнемі деривацияланып отырған. Бірақ бұл деривациялық формалардың қай-қайсысының да фразеоло-гизмдік тірек компоненті, тіні сол *қорасан* болып қала берген.

Сиыр түлігіне тән індеттің қазақтар, өзбектер, қырғыздар арасында айтылатын *қарасан~ қорасон~коросон* атауына тікелей ия жанамалай қатысты кейбір тіл деректері міне осындай.

Сонымен *сиыр судан жаралған;сиыр судан жериді, су сиырдан жериді; сиыр су ластамайды; өлеңді жерде өгіз семіреді.* Соңғы тәмсілдегі *өлең* зат есімі түрік тілдерінде жалпы «трава (свежая трава, мягкая трава, потничная трава, малопитательная трава), ковыль, пырей, осока; вид травы, растущей в местах, где нет проточной воды», «сочное растение, растение», «сено (мягкое сено)», «лужайка, луг (луг с распустившимися цветами), мурава, зелень», «зеленый», «пастбище, выгон; место, изобилующее зеленью; зеленое поле, плодородная низменность», «насаждения», «топь болотистая (плодородная) почва», «мокрый, влажный», «степь», «пустыня» сияқты бірнеше мағына білдіреді (ЭСТЯ –1974: 528). Қазақ тілінде ол тек мына түрде түсіндіріледі: *өлең* бот. Ылғалды жерде өсетін, жапырағы қатты көп жылдық майда, нәрлі шөп (ҚТС: 509). Алайда түрік тілдеріндегі *өлең* сөзінің осы аталмыш мағыналарының кейбір тұсын әлі де бізше толықтыра, нақтылай түсуге болатын сияқты. Өйткені... (1917 жылғы) революцияға дейін әкімшілік-басқару жүйесі бойынша *Қазақстан*-облыстардан, *облыс*-ояздардан, *ояз*-болыстардан, *болыс*-ауылдардан, ал *ауыл*- қыстаулардан тұрғаны белгілі. Әр қыстауды ол кезде жасы үлкен, ақыл иесі *ақсақалдың* атымен атайтын салт болған. Қыстау әдетте шөбі шүйгін тоғайлы, өзен-сулы жерге салынған. Мысалы Ақмола облысына қарасты Атбасар оязы Теңіз болысының бірінші ауылына кіретін Дәулетбек Таңқыбай ақсақалдың қыстауы тұрған жер *Қой кеткен өлең* («*Кой-кеткен-оленг» речка которая утонула овечка* деп аталған [12]. Бұл топонимдегі *өлең* сөзі бізше жоғарыда Э.В.Севортян санамалап көрсеткен мағыналардағы *өлең* емес. Мұндағы *өлең* формасы әшейін бір жай айтыла салынатын сумен емес, кәдімгі қой кететіндей сумен байланысты деп ойлаймыз. Өйткені ғалым өзінің жоғарыда аталған сөздігінде «*өлең* ..., видимо, гомогенно с *ө:л~өл*... 'влажный, сырой, влажность, сырость, влага' и т.д.» деп жазады. Ол бұл ретте соңғы форманың мұның сыртында тағы «вода, маленькая озеро, пруд, море» сияқты да мағыналары барын атап көрсетеді. Автордың жоғарыда «и т.д.» деп отырғаны сірә осылар болу керек (ЭСТЯ 1974: 528, 525). *Қой кеткен өлең* микротопониміндегі *өлең* лексемасын бізге осы кейінгі мағыналармен байланыстырған негіздірек көрінеді. Себебі қойдың тек осындай «вода, маленькое озеро, пруд, море» мағыналарындағы өлеңге ғана кетуі мүмкін. *Өлең* лексемасының әлі күнге байқалмай, назардан тыс қалып келе жатқан осы бір семантикалық қыры туралы ойымызды әрі қарай сабақтап көрейік. Ақмола, Жезқазған, Семей, тағы кейбір облыстарда *Ақөлең, Көкөлең, Қараөлең, Сарөлең* сияқты, Жетісу аймағында *Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу* іспетті топонимдер кездеседі. Осы аталмыш композиталардың қазақ тілінде (қазақ тілінде ғана емес, барлық түрік тілдерінде) Ақөлең және Ақсу, Көкөлең және

Көксу, Қараөлең және Қарасу, Сарөлең және Сарысу түрінде қосақтаса «өмір суруі», біздің ойымызша, олардағы *өлең* мен *су* компоненттерінің өзара семантикалық сәйкестігімен байланысты сияқты. Шор тіліндегі *Учулен* мен Кубандағы *Учкөл,* Монғолия жеріндегі *Керулен* мен Алматы облысындағы *Кербұлақ* та – сондай қосақ топонимдер. Бұлардағы қосақтастық та солай олардағы *улен (өлең)* мен *көл (бұлақ)* зат есімдерінің (жер-су атауларында сақталған) өзара мағыналастығынан, өзара баламалылығынан болса керек.

Бұл келтірілген бай тіл деректерінен, оларға жасалған талдаулардан мынадай бір түйінді ой өрбиді: қарастырылып отырған *өлең* формасы «су» ұғымымен, дөлірек айтсақ *ө:л~өл* сөзінің ілгеріде Э.В.Севортян көрсеткен «вода, маленькое озеро, пруд, море» мағынасымен байланысты. Байланысты болған соң шығар өленге қой кетіп жүргені. Байланысты болған шығар өленді жерде өгіз семіретіні. Осы жерде Алматы облысының Күрті ауданындағы Желторанғы кеңшарының бір бөлімшесінің кезінде *Қасқаөгіз* аталғаны ойға оралады. Оның *өгіз* бөлігі мен *өленді жерде өгіз семіредідегі өгіз* формаларының мағыналарының бір еместігі жай көзге де көрінеу: кейінгі мысалы тура «мал» мағынасын білдіреді, ал алдыңғыны бұлай бірден ашып айта алмайсың. Шын мәнінде ол, *Қасқаөгіз* композитасындағы *өгіз,* Ыстықкөлдің бір саласы саналатын *Жетіөгіз* гидрониміндегі *өгіз* және түрлі жазба ескерткіштердегі OGUZ, oguz kol қос сөзінің алдыңғы oguz сыңары (ДТС, 382) – бәрі бір «су, река» мағынасын білдіретін көне түркі сөзі болып табылады. Қырғыздың *Жетиөгуз,* қазақтың *Жетісу* мен *Жетісай,* түрікменнің *Жедігөл,* туваның *Чеди-Хем* топонимдеріндегі *өгуз, су, сай, гөл, хем* - өзара мағыналас, мәндес сөздер. Келтірілген *Жетісай* композитасының *сай* бөлігін, «Таңбасы жоқ, мені жоқ бурыл тайдың, сағасы өткел бермейді терең сайдың» дейтін халық өлеңіндегі *сай* формасын бір семантикалық сызықта алып қарауға болады. Және жоғарыдағы тувалық *Чеди-хем* гидронимінің соңғы *хем* компонентін де солай "су" мағынасымен байланыстыруға келеді, өйткені *кем* геог. название реки (ДТС: 297). Бұл ретте тағы мына тіл дерегі көңіл аударады: *Карагем* – р. в Восточно-Казахстанской обл. От древтюрк. "грунтовая вода", т.е. то же, что (совр.) Қарасу [13]. Түрік тілдеріндегі *Кашка-Башат, Гашгачай, Қашқадария, Қасқакөл, Қасқабұлақ, Қасқасу* композиталарының *башат, чай, дария,көл, бұлақ, су,* сондай-ақ жоғарыдағы *Қасқаөгіз* бен *Қасқасу* дегендердің *өгіз, су* сыңарлары да солай өзара мазмұндас, яғни бәрі де – өзара адекватты сөздер.

Бұл айтылғандардың сыртында қазақтардың, өзге де кейбір түрік халықтарының арасында *жерді көк өгіз көтеріп тұр-мыс* дейтін аңыз да көптен белгілі. *Көк өгіз* тіркесі онда мысалы мына түрде сипатталады. «Әлемдік құрылысты түсіндіретін халық аңызында жерді көк өгіз көтеріп тұр делінеді. Бұл аңызды нақты (тура – Е.Ж.) мағынасында қабылдау қисынсыз. Бабаларымыз әлемдік құрылымды түсіне алмаған ба? Жерді өгіз қалай көтереді? Жерді көтеретін өгіздің үлкендігі қандай болмақ? Айтылғанның мәнін өзіміз терең түсіне алмай, бабаларымыздың дүниетанымы тым анайы болған деп қараймызау. Дандайсыған көңіл дәйекті пікірден алыстата береді де, ақиқат көмескілене бастайды. Пайымдап қараған кезде шындықты тануға болады. Ой жіберіп көрейік. Көк өгіз ел аузындағы *сиыр судан* делінетін сөздің негізі, сиыр судың белгібейнесі дегенге саяды. Олай болса (*жерді көк өгіз көтеріп тұр-мыс* дейтін аңыз- Е.Ж.) *жерді су көтеріп тұр* деген түсінік қой. Құрлықтың шеті қалай да суға барып тіреледі [14].

Бұл жерде тағы мына бір тіл дерегі көңіл аударады. «Любопытно, что у каракалпаков наиболее одаренным певцам дается особое прозвище – *Огиз-жырау,* что дословно – Вол-певец» (АКД: 18). Айтпағым – осындағы *өгіз жырау* тіркесі. Оны тіліміздегі *су жорға* фразеологизмімен мағыналастықта алып қарауға болады. Өйткені жорғаның бірнеше түрі болады: соның біріншісі – нағыз жорға, яғни су жорға, төрт аяғы тең жорға» (Т.Әлімқұлов). Үстінде тіпті аяқтағы су шайқалмайтын, тоқтау-толассыз үнемі бір қалыпта ағатын судай, үздіксіз бір қарқындағы тайпалған жорға [ҚТФС: 471,487]. М.Әуезов шығармаларындағы *су төгілмес жорға, шешені судай төгілген* дегендер де судың осы сипатымен, яғни шешеннің де осылай су сияқты үздіксіз бір қалыпты қарқында төгілетінімен, жорғаның да солай үздіксіз бір қалыпты қарқында болатынымен байланысты. Біздің ойымызша жоғарыдағы *өгіз жырау* тіркесін де дәл осы тұрғыда сипаттауға болады. Өйткені ол да сондай (жай көп жыраудың бірі емес) судай төгілген жырау. Өйткені ондағы *өгіз* компоненті Е.Жұбанов айтқан өзінің тура сиыр түлігіне қатысты мағынасында емес, керісінше көне «су» мағынасында қолданылған. Сондықтан аталмыш *өгіз жырау* тіркесі «еш аялкідіріссіз судай аққан, судай төгілген жырау»

деген мағына білдіреді деп ойлаймын. Қарастырылып отырған бұл *өгіз* формасымен *Аққұнгей, Алтысай өгіз, Белқарағай* және *Өгіз таудың** басында *Өгіз әулие* (Мұра) өлең жолдарындағы *өгіз* формасын да осы бағытта («су» ұғымымен байланысты) сипаттауға болатын сияқты.

Сонымен мақалада сиыр түлігіне қатысты қарастырылған *өлең* мен *өгіз* формаларының көне мағынасы бізге сумен байланысты болғанға ұқсайды. Ол бүгінде жоғарыда аталған кейбір топонимдерде, мифтік және фразеологизмдік жеке сөз қолданыстарда ғана сақталған.

Тілімізде бұл ірі қара төңірегінде қалыптасқан идиоэтникалық семантиканың кейбір тұстары міне осындай.

ӘДЕБИЕТ

1. *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969.160–161-бб.

2. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. 7-т. Алматы, 1980.98-б.

3. *Ақпамбет Ғ.* Қазақтардың дүниетанымы. Алматы, 1993.25-б.

4. *Тоқтабай А.* Ит жақсысы тазы // «ҚӘ». 25.03.2005.

5. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1997. 318, 379, 380, 390-бб.

6. *Қалиев Ғ.* Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. Алматы, 1985. 217-б.

7. *Нақысбеков О.* Көкшетау экспедициясының материалдарынан // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2 шығуы. Алматы, 1960. 108-б.

8. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии... С. 317, 381.

9. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии... С. 452.

10. *Мыңжанұлы Н.* Қазақтың мифтік аңыздары. Үрімжі, 1996: 131, 132-бб.

11. *Қасейұлы Б.* Эпостардағы ескі дін белгілері // Мұра. 1989. №2. 28-б.

12. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей: Акмолинская область Атбасарский уезд. Воронеж, 1902. Том II. С.38.

13. *Койчубаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С.120.

14. *Ақпамбет Ғ.* Қазақтардың... 32-б.

ЮСл – Юдахин К.К. Кыргызча-орусча сөздүк. М., 1965.

ДТС – Древнетюркский словарь. Л., 1969.

ОҚС – Орысша-қазақша сөздік. I том. Алматы, 1978.

ССТМЯ – Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Том II. Л., 1977.

ҚТФС – Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.

ҚСЭ – Қазақ совет энциклопедиясы. Том VI, XII. Алматы, 1975, 1978.

БСл – Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869–1871. Том I-II.

РСл – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1893-1911. Том I-IV.

ЎРЛ – Ўзбекча-русча лўғат. М.,1959.

ПРС – Персидско-русский словарь. М., 1970.

АКД – Жұбанов Е.Х. Литературно-лингвистические особенности эпоса «Козы корпеш – Баян сұлу». Алма-Ата, 1967.

*Кейбір аймақта, мысалы Орталық Қазақстанда, бұл тіркес *Оғыз тау* түрінде сақталған.